

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: [http://www.enu.kz/ru/nauka/ nauka-i-obrazovanie/](http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/), 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

БОЛАШАҚ ИНФОРМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН КӘСІБИ ҚЫЗМЕТКЕ ДАЯРЛАУ

Ғазезова Айжан Мейрамханқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Ақпараттық технологиялар факультетінің магистранты,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – профессор м.а. п.ғ.д. Кариев С.

Соңғы жылдары қоғамдық және әлеуметтік өмірде болып жатқан елеулі өзгерістер, ғылыми-техникалық ақпараттар ағынының бұрын-сонды болып көрмеген қарқыны, адамзат баласының талап-талғамының өсуі, электронды құралдардың күнделікті өмірде кең қолданылуы оқу-ағарту саласында оқытудың ақпараттық технологияларын енгізе отырып, оқу үдерісіне елеулі жаңалықтар енгізуді, оқыту әдістемесін жетілдіре түсуді көздейді.

Білім беруді ақпараттандырудың дамуы информатика мұғалімінің ерекше рөлін қалыптастырды, өйткені тек мұғалімнің белсенді қатысуымен жаңа ақпараттық және телекоммуникациялық технологияларды меңгеру және енгізу жүзеге асырылады. Осы жағдайда информатика мұғалімдеріне оқушыларды информатика негізіне оқытудан басқа, үздіксіз өзгерістегі бағдарламалы-ақпараттық құралдарға, компьютерлік техникаға, ақпараттандыру процессінің координациясына тез бейімделуін қалыптастыратын қосымша функциялар жүктеледі [1].

Құзреттіліктің негізгі анықтаушы факторлары болып үздіксіз білім алуға деген қажеттіліктердің қалыптасқандығы, кәсіби құзреттілікті тереңдетуге дайындық болып табылады. Егер болашақ педагогтың құзреттілігінің қалыптасуын орта кәсіби білім беру жүйесінің аумағында қарастырсақ, онда білім, білік, дағды мүмкіншілігі, яғни педагогикалық қызметке маманның қаншалықты дайын екендігі туралы айтуға болады. Жалпы педагогикалық білімде болашақ мұғалімдерінің кәсіби құзреттілігі келесідей құзреттіліктерге бөлінеді: жалпы кәсіби, педагогикалық қызмет саласында, мәдени-ағарту қызметі саласындағы деп бөлінеді. Біздің ойымызша берілген тізімге болашақ мұғалімнің нақты пән саласында жұмыс жасау үшін кәсіби білім, дағды және біліктілікті қамтитын арнайы (пәндік) құзреттілікпен толықтыру керек. Сондықтан да, болашақ мұғалімнің кәсіби құзреттілігіне жалпы (кілттік), кәсіби(педагогикалық) және арнайы (пәндік) құзреттіліктер кіреді.

Бүгінгі таңда мектеп мұғалімнің алдында тұрған мәселелерді тиімді шешу үшін және келесідей қызметтерді жүзеге асыра алатын:

- Ғаламдық және ғылыми-білім беретін компьютерлік желілерді қолдану;
- Студенттермен біріге отырып қазіргі заманауи бағдарламалар негізінде (ОБП, гипертекстік және мультимедиа-технологиялар) оқу барысында қолдануға арналған бағдарламалық жабдық құрастыру;
- Сабақ үстінде және сабақтан тыс кезінде қолданылатын ақпараттық технологияларғы оқушылар арасында жеке, топтық және ұжымдық топтарды ұйымдастыру;
- Компьютерлік жиынтық жүйесін қабырға газеттерін шығаруда, оқу материалдарын рәсімдеуде қолдану үшін арнайы білім және дағды керек.

Сондықтан да, болашақ информатика мұғаліміне мынадай арнаулы құзреттіліктерді қарастырамыз қолданбалы, техникалық, жүйелік; бағдарламалау саласында, мультимедиа саласында.

Берілген құзреттіліктерді (ЖОО-ны студенттеріне) жалпымәдени (кілттік) және кәсіби (педагогикалық) құзреттіліктермен бірге қалыптастыру керек. Құзреттілік алынған білім мен жеке дағдыларды арнайы бір салада тиімді қолдану мүмкіндігі. Сондықтан да жоғарғыда көрсетілген әрбір құзреттіліктерге біз арнайы анықтама беріп олардың негізгі қасиеттерін көрсете аламыз. Мысалға, қолданбалы құзреттілікте біз ақпаратпен жұмыс істеуге, оны ЭЕМ-де өңдеуге жеңіл болатындай түрге келтіре алатын және бағдарламалы-ақпараттық

жабдықпен жұмыс істей алатындай білім, дағды жиынын түсінеміз. Күзреттіліктің маңызды қасиеттерінің бірі ол компьютердегі бағдарламалармен жұмыс жасау және бағдарламалық жабдықтармен қолданбалы тапсырмаларды шеше алу болып табылады.

Ал арнайы (пәндік) күзреттіліктер құрылымдық сипатқа ие және бір ғана пән емес, бірнеше пәндер циклін қамтиды, сондықтан да оны бақылау және бағалау мүмкіндігі қиын. Мысалға, бағдарламалау саласы алгоритмдік, логикалық, визуальдік сияқты күзреттіліктерді қамтиды және олардың қалыптасуына мынадай пәндер әсер етеді: бағдарламалау, компьютерлік модельдеу, ЭЕМ құрылымы, ақпараттық жүйелер және т.б. сондықтан да, болашақ информатика мұғалімінің кәсіби күзреттілігін біз пәнаралық күзреттілікті қалыптастыру әдіс жүйесі (ПҚҚӘЖ) арқылы қарастырамыз [2].

ПҚҚӘЖ деп маманның кәсіби күзреттілігін қалыптастыруға бағытталған, өзара бірлескен компонентер (бүтін, мазмұнды, құрал-технологиялы, бақылау-реттеу, нәтижелі-бағалау) жиынтығы. ПҚҚӘЖ қажетті күзреттілікті қалыптастыруға мүмкіндік беретін арнайы пәндер және жалпы пәндерді оқытатын бірнеше оқыту әдіс жүйесін біріктіретін қондырма болып табылады.

Күзреттілік дегеніміз – алған білім мен дағдыларын тәжірибеде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теоретикалық проблемаларды шешу үшін қолдана ала білу қабілеті. Сондықтан да, пәнаралық өлшеу құралын жасауда біраз қиындықтар туады, өйткені пәнді оқыту барысында нәтижені бағалау көпжүйелі түрде өлшеуді талап етеді. Сондықтан да, әрбір күзреттіліктің компонентін білу деңгейіне байланысты «білу керек», «орындай алу керек» және қызметіне байланысты ерекшеліктеріне қарап дифференциялау жолы арқылы бағалайтын жүйе құру керек.

Бұл жұмыста күзреттілікті игерудің келесідей деңгейлік құрылымы көрсетіледі:

1. Репродуктивті деңгей: берілген пән саласындағы мемлекеттік стандарттардың ең төменгі талабын қажет етеді. Бұл деңгейде оқылған материалды ауызша және жазбаша түрде қабылдау.

Білу керек: оқылған (қарастырылған) білімнің мәнін түсіндіре білу.

Орындай алуы керек: типтік әрекеттерді орындай алу мүмкіндігі, ұдайы өзгеріп тұратын жағдайларда қажетті әрекетті таңдай білу.

2. аналитикалық деңгей: берілген тапсырмалардың күрделілігін анықтай білу және берілген жағдайдан қажет мәселені (проблеманы) табу.

Білу керек: алынған білімді түсіну және өңдей білу. Оларды бір жүйеге келтірілген, аяқталған логикалық элементтер түрінде көре білу және қарастырылған әдістердің қолдану тәсілдерінің, алгоритмдерінің ұқсастығы мен айырмашылығын көрсете білу.

Орындай алу керек: стандартты емес шешімі бар, яғни шешу әдісі бірнеше түрде болатын, әдістерді біріктіру жолы арқылы шешілетін тапсырмаларды орындай ала білу.

3. Шығармашылық деңгей: берілген пән саласында практикалық мәселелерді тиімді шешуді қарастырады.

Білу керек: алынған білімді түсіну және өңдеу білу. Оларды жүйелік позицияда талдай білу, толықтығын бағалай білу және білімнің барлық іргелес саласымен байланысын анықтау, нәтижелігіне, дәлдігіне баға бере білу керек.

Орындай алу керек: зерттелетін, яғни жаңа білім алуды болжайтын (жаңа иновациялық шешімді талап ететін) тапсырмалардың шешімін таба білу.

Тиісті (сәйкес) күзреттілікті анықтауда мынадай тексеру деңгейлері ұсынылады:

–Тестілеу – репродуктивті деңгей;

–Ауызша жауап алу (реферат) – аналитикалық деңгей;

–Курстық (шығармашылық) жұмыс – шығармашылық деңгей;

Ал, сәйкесінше күзреттіліктің функционалдық компонентінің қалыптасу деңгейін тексеру үшін мынадай сынақтар ұсынылады:

–Пән бойынша типтік зертханалық жұмыстар;

–Күзреттілігіне-бағдарланған тапсырмалар;

–Кешенді біріктірілген тапсырмалар;

Құзреттілікке-бағдарланған тапсырмалар(КБТ)-арнайы алдын-ала берілген құзреттілікті дамытуға бағытталған тапсырмалар. КБТ-ға қойылатын бірден-бір талап алынған шешімді болашақ кәсіби қызметінде қолдана алу. КБТ-ны құрастыруда тапсырма қай пәндер шеңберінде орындалады сол пәндер обласлар жиынтығын анықтау және студент шешімі мен кәсіби маман шешім деңгейін анықтай алу үшін тапсырманың мінсіз шешімін табу. Мысалға, мультимедиа саласында құзреттілікті қалыптастыру кезінде КБТ ретінде – сюжеттік кескіні бар, сонымен қатар музыкалық сүйемелденген түрде, арнайы тақырыпқа (Мысалы:«Кері өмір») бейнеклип жасау болып табылады.

Кешенді біріктірілген тапсырмалар (КБТ) – тапсырманы шешу барысында бірнеше пәндер жиынтығы қолданылатын тапсырмалар. КБТ мәні ол кәсіби және жалпыкәсіби пәндерді біріктіруде, логикалық және ойлау дағдыларын қолдануда бастыны маңыздыдан бөліп алу, қателіктерді анықтау да және оларды анализдеу де, тапсырманың оңтайлы шешімін табуда жатыр. КБТ-ға мысал ретінде студенттер педагогикалық практикада өздік жұмыстарын ұйымдастыруда, мультимедиялық презентацияларды жасауда, оқу барысында қолдануға арналған, интернетте орналасқан білім беру порталы болып табылады.

Қорытындылай келсек, болашақ информатика мұғалімдерінде арнайы құзреттілікті қалыптастыру, ол студенттерді кәсіби қызметке дайындаудың бірден-бір маңызды бөлігі болып табылады. Құзреттілікті пәнаралық көзқарас негізінде қалыптастыру керек. Осының арқасында болашақ информатика мұғалімдері құқықтық және этикалық аспектілері сақталған оқулық бағдарламалары бар, мультимедиялық қосымшаларды қамтитын, болашақта кәсіби жұмысына қолдануға арналған, интернетте орналастырылған порталдары болады. Пәнаралық байланысты қолдану арқылы студенттер жаңа пәндерді оқи отырып, бір мезгілде алынған білімдерін болашақ қызметінде қолдана алады. Дәл осы жол, оқытудың білікті деңгейі болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Ныязбекова К.С., п.ғ.к., Бейсенбекова Г.Т., п.ғ.к., Қабатай Б.Т., п.ғ.к.,Студенттердің кәсіби-қатысымдық құзреттілігі
http://rusnauka.com/10_DN_2013/Pedagogica/2_133292.doc.htm
2. Никитин П.В., Из опыта подготовки будущих учителей информатики к профессиональной деятельности, журнал “Вестник” Марийского государственного университета

УДК 378.147

ОБЛАЧНЫЕ ТЕХНОЛОГИИ. АНАЛИЗ ПРИМЕНЕНИЯ WEB-СЕРВИСОВ И ОБЛАЧНЫХ ХРАНИЛИЩ ДАННЫХ

Дәулетберді Гаухар Садыққызы, Конурбаева Маржан Маратовна

Магистранты специальности 6М011100 Информатика факультета информационных технологий ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – д.п.н., профессор Серік Меруерт

Потребность в доступе к информации с разных устройств возникает ежедневно практически у каждого человека. Будь то бизнесмен с важными функциями или простой секретарь, информация постоянно должна быть доступной с любого устройства. И вот для решения этой задачи не так давно были созданы облачные технологии.

Облачные технологии – это удобная среда для хранения и обработки информации, объединяющая в себе аппаратные средства, лицензионное программное обеспечение, каналы связи, а также техническую поддержку пользователей. Работа в «облаках» направлена на снижение расходов и повышение эффективности работы предприятий.